



# ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖЫРЫ

Қазір бүкіл республика көлемінде жекешелендірудің екінші толқыны жүріп жатыр. Ауқымды шара аясында үлкенді-кішілі 853 нысан жекешелендірілді. Бірнеше күн бұрын ғана Қаржы министрі болып қайта тағайындалған Бақыт Сұлтанов мырзаның айтуынша, солардың 295-і иелі сатылуы керек. Қазірдің өзінде 437 миллион теңгеге сатылған 14 нысан жаңа меншік иелерінің қолына өткен.

Сол нысандар қалай сатылып жатыр? Қайткенде халық игілігі, мемлекет мүддесі үшін олардың сатылуын барынша тиімді ете аламыз? Бұл – бүгінгі ел аясында тұрған сұрақтардың сұрағы! Өйткені Елбасы тамыздың 6-сы күні «ҚР Мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

немесе өзінің адамдарына берді. Енді мұндай болмауы керек. Біріншіден, бұл – мемлекет қолға алып отырған үлкен шара. Екіншіден, барлық нысандар бәсекелес ортаға өтіп, іскер адамдардың саны өседі. Экономика жеңілдеп, бюджетке қаражат түседі. Жекешелендірудің екінші толқынындағы әрбір нысанның са-

Жүріп тұрған трактормашиналардың өзі «жіктеліп» бірнеше адамға берілгенін де біледі ел. Нәтижесінде, ірілі-уақты кәсіпорындар, ұжымшар, кеңшарлар, әлеуметтік нысандар – әлеуеті де, пайдалы-ниеті де әртүрлі жеке адамдардың иелігіне өтіп, ел игілігіне қызмет етуден қалды. Бүгінгі күнге дейін өңірлерде ауыл айналысындағы құнарлы егістік жерлер мен шұрайлы шабындықтарды, жайылымдарды, су тоғандары мен басқа да сушарушылық нысандарын кімдер меншіктеп алғаны белгісіз. Соның салдарынан ауыл тұрғындары не дұрыстап егін сала алмай, не малдарын өріске жая алмай әлек. Елбасы жекешелендірудің екінші толқынына басшыларды, олардың туған-туыстарын, құда-жекжаттарын жолатпау керек дегенде осы жайттарды мензеп отырғаны айдан анық.



Соған сәйкес Үкіметтің кеңейтілген отырысы өткізілді. Жиында үкіметтің жаңа құрылымы мен құрамы жарияланды. Президент олардың алдына жаңа міндеттер жүктелді. Солардың бірі – жекешелендіруді тиімді өткізу. Алғашқы жекешелендіруді сыңа алған Мемлекет басшысы енді сол кезде жіберілген қателіктерді қайталамауды қатаң ескертті.

тылуы ашық, транспарентті түрде жүзеге асуы керек. Халық білуге тиіс: конкурстың қалай өткенін, кімнің нені иеленгенін, кім не жасаймын деп уәде еткенін. Мұның бөрінен халық хабардар болуы керек, – деп ескертті Елбасы. Расында да елімізде өткен бірінші жекешелендіру науқаны өте тиімсіз болды. Төп-тәуір жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың «майлы жіліктері» орынтақтарда отырған басшы-қосшының «олжасына» айналып, қара жұмысын мен малшы-шаруаларға «омыртқа, қабырғасы» ғана бұйырды.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Асауға тұсау

Банктер заңды белшесінен басып отыр. Осылайша Мәжіліс депутаты Гүлжан Қарағұсова банктен несие шоты деп, ақша ұстап қалу заңсыз екенін алға тартты.

Депутаттың айтуынша, қаржы орталықтары көрсеткен қызметі үшін және арнайы белгіленген тарифтер үшін ақша ұстап қалады. Бірақ сөйте тұра, қосымша несие шоты деп тағы пайыздық ақы алады.



Еліміздегі осындай банктердің біріне жоғары соттың арнайы шешімі де шыққан. Бірақ бұл талап әлі күнге дейін орындалмай келеді. Осы мәселені анықтап, тоқтату жайлы Г.Қарағұсова ұлттық банктің төрағасы Келімбетовтың атына депутаттық сауал жолдады. «Бұл Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң төлем жайлы 6 баптың 1 және 2 тармағын, ақша аударымдарындағы 36 баптың 1 тармағын өрескел бұзу болып табылады. Екінші деңгейдегі кейбір банктер бұл заңсыздықтарды келісім шарттың ішіне кіргізіп жіберуде», – деді Мәжіліс депутаты. Жаңа маусымда депутат ханым осы мәселемен түбегейлі айналысып, қара халықтың банкке кеткен ессіз толтырса ғой...

## Бензин безгелдегі

Ел арасында «бензин бағасы 150 теңгеге дейін көтеріледі» деген әңгіме бар. Шілденің аяғында ел-жұрт шұлап кетіп еді. Сол кездегі Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалы БАҚ өкілдерімен кездесіп, тамызда жанармайдың қымбаттамайтынын жеткізді. Әйтсе де, министр мырза: «тамызда баға өспегенімен қыркүйекте көтерілуі әбден мүмкін» дегенді емеурінмен жеткізді.

Қазір Алматыдағы кейбір жанар-жағармай бекеттері АИ-92 бензинін шекті мөлшермен, яғни 20 литрден артық бермей жатыр. Мұның себеп-салдарын қазақстандық отандық қауымдастығы басқарма төрағасы Болат Әуетаев былай түсіндіреді: «Жанар-жағармай бекеттерінің қожайындары бензинді бір қолға көбейтпестіңіз немесе түбегейлі талондық жүйеге көшуге мәжбүр. Себебі технологиялық жағынан да, моральдық жағынан да тозығы жеткен отандық үш мұнай өңдеу зауыты ішкі нарықты сұранысын, әсіресе, жоғарғы оқтанды өнім сұранысын сапасы тұрғысынан да, көлемі жағынан да қанағаттандыра алмай отыр». Бұл мәселені қауымдастық сарапшысы Сергей Смирнов былайша сараптайды: «Отандық мұнай өңдеу зауыттары өнімді ішкі нарыққа берген-

нен төрі экспортқа шығаруға мүдделі. Себебі ішкі нарықтан олар күткендей табыс түспейді. Сондықтан сыртқа жөнелтіледі. Бұл – бір. Екіншіден, мұнай өңдеу зауыттары жанартуды 2016 жылға қарай аяқтамақшы. Шенеуніктер сол кезде тапшылық болмайды дегенге сендіреді. Дегенмен, зауыттар толық қуатына көшу үшін жылына қосымша 5,5-7 млн тонна шикізат керек. Мұнай жанар-жағармай бекеттері оны қайдан алады және осындай аса күрделі жағдайда олардың қаншасы өмір сүруге қауқарлы?». Болат Әуетаев басқарып отырған қауымдастық бұрынғы Мұнай және газ министрлігінің ішкі нарыққа бөліп отырған өніміне талдау-зерттеу жүргізіпті. Сараптама қорытындысы биылғы қаңтарда



# САНКЦИЯЛАР СОҒЫСЫ

Еуроодақты Ресейге қарсы санкциялары оған Мәскеудің қарымта жауап қайтаруы Еуропа елдеріне кері ықпалын тигізбей қойады. Бұған қатысты Финляндияның үкімет басшысы Александр Стубб бұл санкциялардың осы елдің экономикасына ауыр соққы болатынын мәлімдеді. Бұл ретте ол «біздің елімізге 2015 жылға дейін созылатын құлдыраудың қаупі төніп тұр. Ал мұндай құлдыраудан кейін жалпы ішкі өнім деңгейі 2008 жылы көрсетілген өсімге дейін көтеру үшін бізге ең кемі 10 жыл керек болады. Бізді тағы бір рессеция күтіп тұр» деді. Осылай деген фин елінің үкімет басшысы өз елінің қазіргі ахуалы терең дағдарыста тұрған 1990 жылдарды еске түсіретінін мойындап отыр.



Жалпы, әлемдік сарапшылардың пайымдауынша, бұл бір Финляндияның айналасында ғана жайт емес, Еуроодақ пен Ресейдің арасындағы «санкциялар соғысы» салдарынан Батыс тым алаңдап отыр. Себебі бұдан тек қана фин елі зардап шегіп отырған жоқ, бұл мәселенің өзге әлем елдеріне де кері ықпал ете бастағанын сарапшылар алға тартуда.

Қазақстан-Ресей экономикалық университетінің магистрі, сарапшы маман Марал Төртенова: «Мысалы, Грекия Ресейдің ауыл шаруашылығы тауарларын импортына салынған тыйымнан 180 млн. долларға шығын көрмекші. Осыған орай қазірде бұл елдегі оппозиция өкілдері Батыстың Ресейге қарсы санкцияларын қатты сыңға алды. Ал Нидерландтың санкциялардан көретін шығыны 1,5 млрд доллар шамасында болғалы тұр. Сол сияқты Латвия өзінің ұлттық валютасымен есептегенде 55 млн қаржысын жоғалтады. Польшада ірімшік пен май өндірішесі айтарлықтай зардап шегеді. Қазірде Еурокомиссия Ресей Федерациясының қарсы санкциясы мен оның Еуроодақ елдерінің ұлттық экономикасына тигізетін залалын талқылауға арналған халықаралық сарапшылардың кездесуін ұйымдастырып отыр. Тіпті Еурокомиссия ауыл шаруашылығын өндірісшілерге 400 млн долларға өтемақы беруді де жоспарлап отыр. Ал алдын ала есептелген

болжамдарға сүйенсек, Ресей бұл елдерден келетін құны 7 млрд доллардың көлеміне дейін есептелген экспортқа тоқтау салып отыр», – дейді. Батыс елдері осылай ойлап жатқан тұста Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының бірінші орынбасары Лейла Мұзапарова бұл санкциялардың Қазақстанға кері әсері болмайтынын нықтанды. Оның айтуынша, Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Украина дағдарысы шеңберіндегі Ресейге жасалып жатқан санкциялардың салдарын, оның ішінде Қазақстан экономикасына ықтимал әсерін зерттеп, бірқатар қорытындыларға келген. Өз кезегінде

Лейла Мұзапарова – Ресей мен Батыстың өзара экономикалық қатығысынан Қазақстан экономикасына айтарлықтай қауіп күтілмейді. Рас, қазіргідей санкциялар алмасу бүкіл әлемдік экономиканың тежелуіне әсер етпей қоймайды. Соның ішінде санкциялар нәтижесінде ағымдағы жылы Ресей экономикасында стагнация (тұралау) жалғасатынын, ал еуропалық экономиканың шығыны 2 жылда 100 млрд доллар шамасында немесе Еуропа экономикасының ЖӨ-дегі 0,3 пайызына тең болатыны болжанып жүр. Бұл аз көрсеткіш емес. Мұндай бағаулауға сүйенсек, екі тараптың қарама-қайшы санкциялары салдарынан әлемдік экономика шамамен 0,1 пайызға жуық шығынға ұшырайтыны болжанады. Ал әлем экономикасында Қазақстанның үлесі аз екенін ғана ескерсек, (біз өзіміз елдеріне экспортқа шикізат қана шығарамыз) бұл жерде Қазақстан санкциялар легін дер кезінде пайдаланса ұтып шығады.

Негізінен, мамандар айтып отырғандай, Ресейдің Еуропа импортынан бас тартуы біздің ауыл шаруашылығы саласына серпін беругі тиіс. Себебі қазірде Ресейдің ауыл шаруашылығына қатысты азық-түлік нарығы бос тұр. Ресей Еуропадан келетін өнімдерден бас тартты. Енді сол бос нарықты толтыру үшін біздің аграрийлер алға ұмтылады

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Мұнай бағасы төмендеді

Әлемдік нарықта мұнай бағасының көбесі сәлдеді. Енді тек мұнай мен газға сүйеніп отырған мемлекеттердің жағдайы ақырындап төмендей бастауы мүмкін. Соңғы 14 айдың ішінде тұңғыш рет 100 доллардан төмендеп, 99,94 долларды құрады. Бұл – 2013 жылдың 26 маусымынан бергі ең төмен көрсеткіш. Бұған дейін мұнай бағасы барреліне 101 және 103 долларға дейін төмендеген. Тоғыз айдың ішіндегі бағаның ең төмен құлдылауында Brent мұнайы 1 долларға арзандап, баррелі 103 долларға сатыла бастады. Ал WTI мұнай маркасы да арзандап, оның баррелі 96,6 долларға саудаланды.

Сарапшылар «Бұл жақсылықтың нышаны емес. Мұнай бағасы ақырындап түсе береді. Тіпті 70-80-нің көлеміне жетуі мүмкін» десеңді. Олардың пікірінше, мұнай бағасының құлдырауы – халықаралық шиеленісіп тұрған жағдайға байланысты жасалып жатқан саяси шешім. Яғни мұның артында Ақ үй тұр деуге болады. Бәлкім, мұнай бағасын төмендету арқылы Вашингтон Мәскеудің қаржының басыпақ болуы да мүмкін. Бұған дейін де әлемнің аузы дуалы сарапшылары «Ресейге қарсы колданылатын санкциялардың ең ауыры мұнай бағасын төмендету болмақ» деп болжам жасаған. Өйткені Ресей бюджеті 100 \$

көлемінде есептелгені белгілі. Мұнай баррелінің құны 100 доллардан төмен түсуі Мәскеуге үлкен соққы. Қаржы қоржынын қайта қарауға, ақшаны қысқартуға алып келмек. Демек, экономиканың өсімі тоқтайды. Әлеуметтік сала тығырыққа тіреледі. Елде тұрақсыздық орнайды. Кезіндегі КСРО-ның күйреуіне де осы мұнай бағасы әсер еткенді. Рас, өткен ғасырдың 80-жылдарының ортасынан бастап ОПЕК мұнай өндіруді күрт көтерді де, баға құлады. Соның әсері КСРО-ға қатты болды. Қазір де жағдай сол сценарийді қайталап келе жатқанда ұқсайды. Бүгінгі күні Украинадағы дағдарысқа байланысты басы дауға қалған Ресей

Батыстың құрсауына тап болды. Оған «өз бетімізше жауап береміз, қорғаныс қабілетімізді күшейтеміз, өндірісімізді, кәсіпорындарымызды өз күшімізбен көтереміз» деп жанталасқанымен, оған қаржы керек. Ал Ресей үшін қаржының көзі – мұнай мен газ. Демек, Батыс осыны есепке алып отыр. Мұнай бағасының төмендеуі бізге де зияны тигізетіні анық. Өйткені Қазақстанның бюджеттің 60 пайызын мұнайдан түсетін қаржы құрайды. Егер мұнай бағасы тұрақтамаса, бюджетті қайта қарауға тура келеді. Көптеген бағдарламалар қысқарып, қаржыдан қағылмақ. Ұлттық қордың ақшасын

бұзуға тура келеді. Әлемде қара алтынның бағасы төмендеп жатса, бізде керісінше жанар-жағармай тапшылығы орын алуда. Әдетте біздің шенеуніктер бір қиын жағдай орын алса, әлемдік экономикадағы қиыншылықтарды алға салып ақтала жөнелуші еді. Ал бұл жолы ауыздарына құм құйылып отыр. Бұдан біз Қазақстан экономикасы әлемдік экономикамен шенеуніктер айкандай интеграцияланбағанын аңғарамыз. Бұдан басқа ұлттық экономикаға жауапты ақ жағалылардың өз жұмысын дұрыс атқара алмай отырғанын аңғаруға болатын шығар.



Жұмағалда БАЯММЕТОВ, экономист-ғалым





# ӨЗБЕККЕ ЕСЕМИЗ КЕТУДЕ

## Сөз басы

Әдетте, жеңіл өнеркәсіп дегенде еліміздің оңтүстігінде қолға алынған мақта кластері еске түседі. Үкіметтің бұл бағыттағы мақсаты айқын, облыстық әкімдіктің атқарып жатқан жұмыстары ұшан-теңіз. Оңтүстік Қазақстан облысында арнайы экономикалық аймақтар құрылып, бірқатар кәсіпорындардың жұмысы жолға қойылғаны белгілі. Жергілікті билік орындары арнайы экономикалық аймаққа өндіріс ошақтарын дамытуға қажетті инфрақұрылымды толықтай жеткізіп, оларға мейлінше жағдай жасауда. Тіпті, өндіріске орнын ашуға ниеттенген іскер азаматтарға тегін жер телімдері беріліп жатыр. Бұл облыс әкімінің бас болуымен атқарылып жатқан шаруа. Жалпы өңірлердің экономикалық хал-ахуалын жақсартуға Үкімет пен ірі компаниялар да мүдделі болуы тиіс. Еліміздегі ірі компаниялардың ырысын арттырып отырған кәсіпорындардың бәрі аймақтарда орналасқан. Сондықтан, «Самұрық-Қазынаның» маңайына топтасқан азулы компаниялар аймақтарды дамытуды басым бағыттарына айналдыруы тиіс.



Енді негізгі әңгімімізге көшсек. Соңғы уақыт біз сөз етіп отырған жеңіл өнеркәсіп саласы Үкіметтің жеңілдетілген қаржылық ресурсына қол жеткізіп, жұмысын жандандыра бастады. Мұны іскер азаматтардың өздері де жиі айтып жүр. Олар өндірісті құрудағы мемлекеттің қолдауын сезіне бастады. Қазір өндірісті дамытуға жауапты органдар отандық тауар өндірушілердің мүддесін тиісті деңгейде қорғай алмауда. Бізге оңтүстіктегі жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының жағдайы (басқа аймақтарда мұндай кәсіпорындар жоқ десек те болады) тақырыпқа тұздық болып отыр. Қазір еліміздің іскер азаматтары киім-кешек, кілем және түрлі төсеніш бұйымдарын шығарып жатқаны баршаға мәлім. Таяуда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысына жасаған сапарында кілем шығаратын кәсіпорының жұмысымен танысып, өз бағасын берді.

Жеңіл өнеркәсіпті дамытуға қазір іргедегі көршілеріміз – Өзбекстан мен Қырғызстан да айрықша ықылас танытып отыр. Бір сөзбен айтсақ, Орталық Азияда бұл сала бәсекелестік жағдайда дамудың жолына түсті. Еліміздегі қара базарларға бара қалсаңыз, алдыңыздан өзбек пен қырғыздан басқа, олардың тоқыма-тігін бұйымы да қарсы алатыны жасырын емес. Базарда көршілеріміздің тауары еркін саудаланауда. Мұны базарға ат ізін салмайтын шенеуніктер ғана білмеуі мүмкін. Ал қарапайым халық жақсы біледі. Сол көршілеріміз өндірген қалың тауардың арасынан отандық өнімдерді қолына шам алып жүріп әрең табады. Осыдан

ақ көршілеріміздің жеңіл өнеркәсіпті дамытуға айрықша көңіл бөліп отырғанын байқайсың.

ақ көршілеріміздің жеңіл өнеркәсіпті дамытуға айрықша көңіл бөліп отырғанын байқайсың.

## Бәсекелесіміз өзбек пен қырғыз

Қазір қырғыз, өзбектен бастап азулы алты қарыс Қытайға дейін өндірісті өркендетуде өлгерген болып тұр. Жеңіл өнеркәсіпті өркендетуде алашапанды ағайындардан біраз жайтты үйренуге болатындай. Өзбекстан Үкіметі Қытайдың әр саланы шоғырландырып дамыту саясатын басшылыққа алып, қызу жұмыс істеді. Көрші елде аяқ киім, киім-кешек, кілем шығаратын 26 ірі фабрика мен 200-ден астам шағын цехтар дамылсыз өнім

шығаруда. Олар өндірген өнімнің 80 пайыздан астамын Қазақстан мен Ресейге саудалап, көл-көсір пайдаға кенелуде.

Оқырман қауымға түсінікті болуы үшін нақты сандарды сөйлет кетсек. Өзбекстанның киім-кешек тігуге бейімделген Наманган облысында күн сайын 10-13 мың классикалық костюм-шалбар тігіліп, соның 80 (!) пайызы Қазақстан мен Ресейге саудаланып жатыр. Осылайша өзбектер өндірген өнімдерін іргелігі көршілеріне еркін стаып, мұрын майлауда. Сөз басында отаныш қазақ кәсіпкерлері де Өзбекстанның өріпестерінен қалыспай түрлі киім-кешектер өндіріп жатқанын айттық. Осы орайда «елімізге заңды, заңсыз жолмен келіп жатқан Өзбекстанның жеңіл өнеркәсіп тауарларымен отандық өнімдер бәсекелесе ала ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Тауар бағасының бәсекесі жайында сөз қозғамастан бұрын, тоқыма-тігін саласына қажетті шикізаттың түйткілі турасында айта кеткен жөн. Бұл бағытта біздер Қазақстанның Кеденлік одақтың белсенді мүшесі екенін қаперде ұстауымыз керек. Өйткені Қазақстанға сырттан келетін заттың құны біршама жоғары болып келеді. Қазір Қазақстан мен Өзбекстанның тоқыма-тігін саласындағы кәсіпорындары өздеріне қажетті шикізатты Қытай, Түркия сынды бірқатар елдерден тасымалдайды. Көршілес екі елдің кәсіпкерлері шикізатты ел аумағына кіргізгенде екі түрлі алым-салықтар төлейтіні анық. Өзбектер жеңіл өнеркәсіпке қажетті сырттан кіргізетін шикізатқа кедендік баж салығын мүлде төлемейді. Ал қазақ кәсіпкерлері 10-15 пайызға дейін кедендік баж салығын төлеуге мәжбүр. Бұдан кейін жеңіл өнеркәсіп саласында кімнің бәсі жоғары болатынын бағамдай беріңіз. Бұдан ҚР Индустрия және жоғары технологиялар министрлігі ақ қанарды қара жіппен қалай «көкпеп» отырғанын байқаймыз. Мұнымен қоймай, Өзбекстаннан келетін тауардың біразы контрабандалық жолмен келетіні жасырын емес. Мұндай жағдайда олардың құны Қазақстан нарығына тіпті арзан болып жетеді. Осындай жағдайды есепке алған

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Істі қалай бастауға болады?

**Нарықтық қатынас тұсында қай істі де бастамақ бұрын оның қандай болатынын, құны қаншаға түсетінін әркім нақты білуі керек. Ал кәсіпкер сонымен бірге бұл іске кім қаржы салуы, кім өндірген өнімін сатып алуы мүмкін екенін де алдын ала білгені дұрыс.**

«Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының қолдауымен Қазақстан қаржы клубында өткен кездесу барысында «Сентрас Секьюритиз» АҚ вице-президенті Ольга Эм осы мәселелер төңірегінде жан-жақты әңгімелеп берді.

– Өзіңіздің қай нәрседі күшті екеніңізді жақсы білуіңіз керек. 3-5 жылға жобаланған ұзақмерзімді құжат – бизнес-жоспарыңыз болуы қажет. Ол алғашқы күннен аяғына дейін компанияның стратегиясын көрсетеді. Сіз қаржы тартқан кезде, өз ісіңіздің игілігі үшін оны қалай жұмсау жөнінде түсінігіңіз болады. Бизнес аяғына түршіп, үлкейгеннен кейін көптеген адамдар оны қойып кете алмайсыз деп ойлайды. Бірақ бұл – қате пікір, –дейді Ольга Эм. Оның айтуынша, капиталды интеллектуалды,

қаржылық және адами деп үш түрге бөлуге болады. Бүгінгі күні интеллектуалды капитал қаржы капиталымен бірге Қазақстаннан сыртқа кетіп жатыр. Бірақ қандай іспен шұғылдану үшін де алдымен капитал керек. Сонда бастапқы қаржыны қайдан табуға болады? Ең алдымен бизнесіңіз үшін қандай инвестор ыңғайлы екенін анықтап алуыңыз керек. Мысалы, қарыз капиталы арқылы несие беруші ретінде банктерге хабарласуға болады. Қазақстанның қаржы жүйесінде несие-сауда желісі, овердрафт, кепілзаттық несие, лизинг, факторинг сияқты көптеген құралдар бар.

– Факторинг – дебиторлық қарыз кепіл бола алатын несие түрі, сауда компаниялары үшін өте ыңғайлы. Ол – Қазақстанда

ең жақсы жұмыс істеп тұрған құрал. Белгілі бір уақытқа дейін ол өте жақсы дамыды. Ал қарыз капиталына келсек, оны банктен алу бір жағынан оңай, екінші жағынан егер нақты активіңіз болмаса – қиын. Барлық банктер несие негізінен, кепілзат қою арқылы ғана береді. Бизнес үшін тиімді мөлшерлеме жылдық 12-16 пайызды құрайды. Бизнесмендер үшін тағы бір мүмкіндік – «Даму» қоры кәсіпкерлікті дамыту үшін бағыттал отырған бағдарламалар. Мен грант алуға кеңес берер едім. Оны алу үшін нақты бизнес-жоспар керек. Мұның негізгі бөлігі – маркетинг пен қаржы. Қаржы тартудың тағы бір жолы – «бизнес-періште» атанып кеткен венчурлық инвестордан материалдық көмек сұрау. Ол – білікті инвестор. Өйткені идеясы жақсы стартаптарға инвестиция салатын қорларда жобаға қатысты айқын талап бар. Бізде жылдан-жылға азайып бара жатқанымен, тіркелген венчурлық қорлар жеткілікті, – дейді Ольга Эм.

Қазіргі Үкімет кәсіпкерлерге барлық жағдай жасалғанын айтудан жалықпайды. Иә, кәсіпті тіркеу айтарлықтай оңтайландырылды. Ал қолдау жайында бұлай деп айту қиын.



# АҚ ПЕН ҚАРА

**Еуразиялық экономикалық одақ заңдастырылғалы бері оған қатысты бір-біріне қарама-қайшы екі ұстаным өмірге енгенді. Оның біріншісі – Одақтың алыбы Ресей Федерациясына қарсы Батыстың үсті-үстіне қойылып жатқан шектеулері болса, екіншісі – 170 млн тұтынушысы бар одақпен еркін сауда келісіміне бірігу жайлы алыс-жақын шет елдердің ынтасы. Алғашқысы жайлы бұған дейін егжей-тегжейлі жазғандықтан, бұл жолы оған тоқталмай, тек Одақ өрісі ұлғайған жағдайда, дәлірек айтсақ, аса мүдделілік танытып үсті-үстіне өтініш түсіріп жатқан Түркия мен Израйль және басқа мемлекеттер бізбен еркін сауда аймағын ашар болса, оның ел және Одақ экономикасына қандай әсері болуы мүмкін деген сұрақтарға жауап іздейміз.**

## Пайдасынан зияны көп

Бізге Одақпен еркін экономикалық келісімге бойынша сауда-саттық жасауға өтініш білдіріп жатқандардың бәрі дерлік Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшелері. Яғни олар – импортқа баж салығы дейтінді білмейтіндер. Сондықтан өз тауарларын баж салығын қоспайсыз нарыққа, яғни сатып алушының өзіне тікелей ұсынғысы келеді. Мұндай жағдайда мемлекет кірісі азайып, солай бола тұрса да халықтың әл-ауқаты біраз жақсарып қалады. Импорт бағасы орта есеппен 20 пайызға арзандауы тиіс. Кейбір тауар түрлерінде бұл көрсеткіш бүгінгі біз көріп жүрген бағаның тең жартысынан төмен болмақ. Қысқасы, халық

жақ білмейді. Осындай, малдың етін сатқанда ол біздің малдан әлдеқайда арзан болары сөзсіз. Жеңіл өнеркәсіпке қатысты да осыны айтуға болады. Қазір, біз киіп жүрген киім-кешек тең жарты бағасына сатылатын болса, онда отандастар Қазақстанда тігілген, тоқылған киімдерді мүлде қимей қояды деп ойлауға болады. Себебі біз қойымыздың жүнінен маға тоқып, одан бешпент, күрте тігіп шыққанда кететін қаражат, яғни өнімнің өзіндік құны Жапонияда роботтар тігіп жатыр.

**Зиянынан пайдасы көп**  
Экономикалар мен мемлекеттер бәсекелестікте дамиды деген қағида орынды. Демек, Түркия, Израйль, Үндістан, Бразилия



бүізбен еркін экономикалық аймақ арқылы сауда-саттық орнатқым келсе, бұл – біздің кәсіпкерлерді қайрай түсетін бір жол. Бір жағынан, біздің кәсіпкерлер оларға өз тауарын ұсынғып пайдаға шықса, келесі бір тобы әлгілерден аз шығынмен сапалы мол өнімді қалай өндіруге болатынын үйренеді. Интеграцияның бұл бергені аз деуге болмас. Сондай-ақ бұл күндері делдалдар арқылы экспортталып жүрген көп тауарымыз шығарушы несінсі кіргізетін табыс молайды. Яғни жақсы кәсіпкерлеріміздің қуаты күшейеді.

Эркін экономикалық аймақ мүмкіндігін отандық колонерлер шеберлері өз пайдасына шешуге болады. Айталық, біздің ауылдағы қыз-келіншектер қолдан тоқи алатын топыл жатқан киім-кешек түрлері біз көріп жүрген импорт тауар нарығында жоқ. Демек, бұл жағианан ұтыс көп. Колонерінің басқа да өнімдері бізбен еркін экономикалық аймақта әріптес болғысы келетіндерге ұнайды деп ойлауға болады. Қысқасы, ұтылысымыздан ұтысымыз көп болмақ. Ең бастысы, еркін сауда аймағындағы бәсекелестікте шыңдалып, өмір сүруді, өнім өндіруді үйренетін боламыз. Бізге бүгінгі жетпей тұрғаны – осы.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Әділдіктен алысқа жатқан ұстаным

**Болашақта «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транзиттік тасымал жолы толығымен ақылы болатын сыңайлы. Осы әңгімені құлағымыз шалғанда жолақы бір жылға бір рет және автокөлігі барлардың бәрінен ұсталады дегендей пікірді де естіп қалдық. Былай қараған адамға биліктегі лауазымды тұлға әлемнің көптеген елдерінде қолданыста бар жобаны ұсынғып тұрған секілді. Міне, осы тұсқа келгенде біз мәселені тереңірек үңілген жөн дейміз.**



Айталық, жолдары ақылы Еуропаның көптеген мемлекеттерінің жер аумағы біздің Қазақстанның бір ауданының жер көлемімен бірдей. Голландия, Дания, Норвегия, Швейцария, Швеция секілді мемлекеттер, тіпті біздің Кеңестер Одағы тұсындағы үлкен бір совхоз, колхозымызға сыйып кетеді. Демек, оның бір шетіндегі тұрғын екінші шетіне апта сайын бармағанмен, ай сайын бір бара алады десек қателеспесіз. Ал біздің Қазақстан жағдайында Алтайдан Атырауға дейін созылған ұлан-байтақ даламыздың бір түкпірінде жатқан азамат өле-өлгенше екінші шетіндегі үлкен қаланы көре қоюы екіталай. Жер шалғай, жол алыс. Тіпті өздерінің облыс орталықтарында бір рет болмаған азаматтар да Қазақстанда көптеп кездеседі.

Мұндай жағдайда жолақысын автокөлігі бар барша Қазақстан азаматы бірдей төлесін деген ұстаным әділдіктен алысқа жатқанын байқау қиын емес. Айталық, тіпті салынып жатқан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық транзиттік тасымал дәлізінің өзі кейбір ауыл-аймақтарымыздан мың, мың жарым шақырым қашықтан өтеді. Демек, оған осындай қашықтықтағы автокөлігі бар азамат жылында арнайы бір шаруа, тірлік тауқыметі жетелегенде ғана

баруы, әлгі ақылы жолды жүріп, пайдалануы мүмкін ғой. Ал кейбіреулер бүкіл өмірін сол жолда өткізеді. Олай болса, бұл екеуінен жол ақысын бірдей талап ету – әділдікке томпақтау.

Жолдың ақылы болғаны дұрыс. Бірақ ол жолақы сол жолға түскен автокөлік иелерінен ғана алынғаны жөн. Және жылына бір рет емес, жолақы күнде жолға шыққаннан жиналған жарна болуы керек. Қаланың ішіндегі тас жолдар жылда жөнделеді, жылда мемлекеттен сол жөндеу жұмыстары үшін қыруар қаржы жұмсалып отырады. Ал ол қаржы автокөлігі жоқтардан да жиналған табыс салығынан құралатын бюджет есебінен төленіп жатқаны жөн белгілі. Осындайды көріп, біле жүріп мемлекеттік салық саясаты әділ де мақсатты болуы керек деген ойды алға шығарамыз. Салықтың әділ болуы үшін ең әуелі көлігі барлардың барлығынан оның моторының қуатына қарай (мотор салығын) ұстаған жөн. Сонан соң жол салығы, яғни жолақасы өндіріске және өңдіруге қажет. Сонда ғана автокөлігі жоқ салық төлеуші отандастардың мемлекет бюджетіне табыс салығы ретінде төлеген топыл жатқан ақшасы мемлекеттегі әлеуметтік жағдайларды жақсартуға болса жұмсалатын болады.





# ТИМДІ НЕСИЕСІЗ БИЗНЕС АЛҒА БАСПАЙДЫ

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытып алмай, өркениетті елдердің сапынан көріну тым қиын екені анықтауды қажетсінейтін ақиқат. Сондықтан осы сала өкілдері соңғы кезде «отандық кәсіпкерліктің бет-бедерін айшықтап, «бизнес-банк-өндіріс» формуласын жетілдіретін кезді» деген пікірге басымдық бере бастады.

### Бизнес несиелер екі есе азайған

Егер біз болашақта бизнес пен банк арасындағы тығыздықты 60 пайыздық межеге жеткізсек, бұдан соң бизнес-банк-өндіріс арасындағы байланысты 35-40 пайыздық көрсеткішке манайлатсақ, елдегі кез келген жобаның бағы ашылып, қолданысқа кеңінен пайдаланылатын еді. «Ал енді мұндай жемені бағындыру үшін не істеуіміз керек?» деген сұраққа әлі Үкімет тарапынан нақты жауап берілген жоқ. «Жол картасы», сосын «Бизнесінің жол картасы –2020» бағдарламасы индустрияландыруды жеделдетіп, бизнесті қаржыландыруға, шағын бизнес жобаларды, жоспарларды өндіріске енгізуге қол жеткізеді деп күтілген еді. Бірақ үміт ақталмады. Себебі осы жартыжылдықта ШОБ өкілдеріне несие берудің азайғаны байқалады. 2008 жылы ШОБ-қа барлығы 1 триллион 273 миллиард теңге несие берілсе, 2013 жылы 890 миллиард теңге ғана берілді. «Даму» қорының мәліметіне сәйкес, бизнесті несиелендіру өткен жылы орташа есеппен 17 пайызға төмендеген, ал кейбір өңірлердің көрсеткішіндегі айырма одан да үлкен. Айталық, Жамбыл, Маңғыстау және Алматы облыстарында берілген несие сәйкесінше 58, 51 және 34 пайызға құлдыраған. Тек Ақмола және Оңтүстік Қазақстан облыстарында берілген несие өз кезегінде 22 және 17 пайызға артыпты. Ranking.kz порталы келтірген дерек бойынша, соңғы үш жылда екінші деңгейлі банктердің шағын компанияларға бөлетін несие қоржынындағы үлес 23-тен 13 пайызға дейін азайып, өндірістік емес салалар мен жеке тұлғаларға берілген несие үлесі артып барды.

Елбасы банктердің бетін шағын және орта бизнесті қаржыландыруға қарату керектігі жөнінде үлкен бағдарлама жасауды осыдан үш жыл бұрын Үкімет пен Ұлттық банкке тапсырғаны есімізде. Өкінішке

қарай, Үкімет басындағылар да, бас банк те шарасыздық танытып, бұл тапсырманы орындауға шамалары жетпеді. Ондағы бар айтар сыйлау-себентері – банктердің проблемалық активтерінің тым көптігі. Мойнында зіл кара тас болып, қайтарылуы проблемалық несиелер тұрғанда, банк біткен бизнесті қаржыландыруға мойын бұра қоймайтынын байқатты.

Бәрі нарықтың өзінің ағымына жіберіп қойып, шарасыз күй кешу – бүгінгі басқарушылар дағдарысына әкеліп отыр деуге болады. Проблемалық активтер қоры да, банктердің өздерінің жанынан құрылған тазарту қорлары да банктердің мойындағы проблеманы сейілте алмай келеді. Біздің қазіргі осы жағдайымызда Үкімет тізгінді мықтап тұрып қолға алып, шағын және орта бизнеске, қаржы нарығына байланысты саясатқа өзгерістер енгізіп, елдің

менталитетіне, жағдайына сәйкес даму бағдарламаларын жүзеге асыруы тиіс еді. Өкінішке қарай, олардың бірде-біреуі мұны істемей отыр. «Коммерциялық банктердің акционерлеріне бірауыз артық сөз айта алмайды. Себебі – ол акционерлердің бәрі лауазымды шенеуніктер мен олигархтар. Осы мемлекетте отырып, байыған, болып-толған банк акционерлеріне «Қалталарың толды, байлықтарың шаш етекпен, енді мемлекет, ел үшін де бірдене істеңдер. Белі бүгіліп, басың көтере алмай тұрған шағын және орта бизнесті қаржыландырып, ел енесінің есеті етуге қол ұшын беретін кездерің жетті» деген талап қояр кез келді. Бірақ бәт



2008 жылы ШОБ-қа барлығы 1 триллион 273 миллиард теңге несие берілсе, 2013 жылы 890 миллиард теңге ғана берілді. «Даму» қорының мәліметіне сәйкес, бизнесті несиелендіру өткен жылы орташа есеппен 17 пайызға төмендеген, ал кейбір өңірлердің көрсеткішіндегі айырма одан да үлкен. Айталық, Жамбыл, Маңғыстау және Алматы облыстарында берілген несие сәйкесінше 58, 51 және 34 пайызға құлдыраған.

моншактары үзілген басқарушылар мұны жасай алмайды. Өйткені көпшілігі сол банк акционерлерінің бірі болып табылады» дейді сарапшы Мағбат Спанов.

### 50 кәсіпкердің 5-і несиеге қол жеткізе алады

Мемлекет «Даму» қоры арқылы банк несиелеріне субсидия ұсыну нәтижесінде аздаған кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге тырысып жүрміз. «Даму» қоры арқылы субсидияланған несие тек ұзақ жыл жұмыс істеп жүрген бизнесті ғана қамтиды. Яғни, несие алуға өтініш беруші кәсіпкерлердің тек 10 пайызы ғана оған ие бола алады.

Мысалы, 50 кәсіпкер өтініш берсе, оның бар болғаны 5-еуі ғана ілігуі мүмкін. Оның үстіне кәсіпкерлер өздерінің жобаларының не себеппен субсидиялы несиеге ілікпей қалғаны жөнінде еш мәлімет ала алмайды. Бәрі жабық, ешқандай ашықтық жоқ мұндай іріктеу мен таңдау көптеген кәсіпкерлердің меселін қайтарып тастады. Олар келесі жолы «Дамудан» несие аламыз деп, тәуекелге бел байлай қоймайды. Бізде қандай бағдарлама болсын тура бір мысық пен тышқанның ойынына құрылған секілді болады да тұрады. Жоба, бағдарлама жасалады, оны жүзеге асыруға қыруар қаржы да бөлінеді, соңында бағдарлама мен жобаның да, оған бөлінген қаржының да қайда кеткені белгісіз болып шыға келеді. «Сондықтан да, шағын және орта бизнесті шындап өркендетіп, ел экономикасын әртараптандыру арқылы, шикізаттық экспорттарға тәуелділіктен біртіндеп құтыламыз десек, Үкімет басындағылар алдымен жүргізіп отырған саясаттан өзгертуі тиіс. Бірақ ондай саясатты жасай ала ма?

қаласының Кәсіпкерлер палатасы мен қала әкімдігінің бірлескен жұмыс жоспарымен таныстырды.

Ортақ жұмыстың негізгі бағыттары тұрақты іскерлік орта қалыптастыру, шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға арналған шаралардың тиімділігі, білім беру және адам капиталын дамыту, жеке және мемлекеттік секторлар арасында әлеуметтік қарым-қатынас орнатудан тұрады.

Сонымен қатар Өңірлік кеңестің отырыс барысында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің құқығын қорғау кеңесінің жұмысы да сөз болды. Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық істер жөніндегі орынбасары Айтуар Қошмамбетов Кеңес қызметінің қорытындыларымен таныстыра келе, бүгінге дейін өткізілген Кеңестің 4 жиынында 15 мәселенің қаралғаны жөнінде хабарлады: «Бүгінгі таңда кәсіпкерлердің құқығын қорғау Кеңесінің мүшелері 10 мәселенің соңына нүкте қойды. Ал, бар-жоғы 5 сұрақ қазір шешілуде», – деді Айтуар Қошмамбетов. Осы Кеңестің төрағасы Тілек Байғабыл жергілікті және мемлекеттік органдардың кеңес отырысына шақырулардан бас тартып, отырысқа келмей жүргендерін айта кетті.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Кәсіпкерлер мұңы өңірлік кеңесте талқыланды

Алматы кәсіпкерлері бархалқаның орнын басатын жобаны қолдауды сұрады. Мұндай мәлімдеме таяуда Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы жанынан құрылған Өңірлік кеңестің отырысында жасалды. Кеңес жұмысы барысында қаладағы бизнеске қатысты өзекті мәселелер де кеңінен талқыланып, оларды шешу жолдары қарастырылды.



# «Мақпал» тағы да үздік

Тәуелсіз кәсіпкерлер қауымдастығының белсенді мүшесі «Мақпал» республикалық сән орталығының жетекшісі, белсенді кәсіпкер Бәзіл Әбділманов жақында Алматы қаласындағы үздік тауар өндіруші деген мәртебелі атаққа ие болды. Сән орталығы 1976 жылы құрылып, содан бері үздіксіз жұмыс істеп келеді. Бәзіл Әбділманов 1986 жылы орталықтың директоры қызметіне тағайындалған болатын. Міне, содан бері «Мақпал» сән орталығы талай даму белестерін артқа тастады.

Сол бір қиын кезең жайында Бәзіл ханым: «Мен небары төрт жыл ғана басшылық қызметінде болдым, ол Министрліктің таратылып жатқан кезі еді. Нәтижесінде біздің Орталық өз-өзімен қалды да, осы жағдайдан шығудың жолын іздеу керек болды», – деп есіне алады Бәзіл Көкенқызы. Орталық кооперативтен бастап жауапкершілігі шектеулі серіктестікке дейінгі – заңды тәртіптің барлық түрін барстан кешті. Ұжым 90-жы жылдардағы заман өзгерісінің барлық қиындықтарынан, бірнеше девальвациядан мойымай өтіп, бүгінде жоғары абайроғға ие тұрақты кәсіпорынға айналып отыр.

1988 жылы Францияда өткен сән жәрмеңкесінде сарапшылар Қазақстанда сәннің бар екендігіне үлкен танданыстарын білдірді. Орталықтың киім үлгілері француздарға ерекше әсер еткен еді. Бір сөзбен айтқанда, «Voge» француздық журналы орталық жайында мақала жазуға шешім қабылданды. Бірақ Орталықтың – «ҚазақКСР Халыққа тұрмыстық қызмет көрсету министрлігі сән Орталығы» атауын естігенде – француздар қолдарын бір сиптеп: бір айдың ішінде Орталыққа қысқа да нұсқа, әдемі естілетін ат ойлап табуды талап етті. Сол кезде Орталық басшылығы көмек сұрап Ғылым мұражайының этнографиялық бөліміне хабарласты. «Мақпал» атауын дәл сол бөлімнің қызметкерлері ұсынды.

«Мақпал» – бұл біздің қазақтың ұлттық матасының атауы екені көбісі білмейді, – дейді Әбділманов. – Қазақ тіліне аударғанда бұл сөз барқыт, плюш деген мағынаны береді. «Мақпал» сән орталығы даму барысында белді халықаралық фестивальдер мен байқаулардың лауреаты атанғанын білеміз. Айталық, 1988 және 1993 жылдары Францияда, 1994 жылы Лас-Вегаста (АҚШ) өткен сән жәрмеңкелері, Лион, Париж, Ренн, Марсель, Дижон, Виши қалаларында өткен көрмелерде орталықтың тіккен киімдері сәнкі Еуропаның танқалдырған болатын. Орталық «Таврия сұлуы» (Украина) халықаралық байқауының Гран-при жүлдеге ие болды. Ал 1995 жылы бірінші «Шығыс сәні» қазақстандық сән фестивалін ұйымдастырып, еліміздің абыройын асқатқанды. 2010 жылы «2009 жылғы Еуразиялық экономикалық кеңістіктегі үздік компания» аталымында құрметті сыйақының лауреаты болса, 2008 жылы «Алтын Сапа» аймақтық байқау-көрмесінде III дәрежелі Диплом иеленді және «Менеджмент жүйесін енгізу және жүзеге асыру» тақырыбында ҚР Индустрия және сауда министрлігінің сертификаттан қол жеткізді. 2011 жылы «Пары» байқауында «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» дипломымен марапатталғанын білеміз.

«Мақпал» сән орталығы өзінің қорында Қазақстанның барлық облыстары мен өңірлеріндегі қазақ киім үлгілерінің керемет этнографиялық топтамасы бар Қазақстандағы жалғыз орталық. Сонымен қатар, орталық толықтай тек ұлттық фольклорлық киімдерді тігу бағытын меңгерген, оларды салтанатты мемлекеттік іс-шараларда, мемлекеттік мерекелерде, отбасылық салтанаттарда және әдет-ғұрыптарда театр және музыкалық ұжымды киіп шығады.



Кәсіпорынның тәжірибелі шеберлер – дизайнерлер ұжымы және киім құрастырушылары, пішіушілері, тігішілері, кестелеушілері жекелеген тапсырыстар бойынша жоғары сапалы күнделікті киімдерді сондай-ақ, бәсекеге қабілетті дайын киім үлгілерін өндіреді.

Республикалық «МАҚПАЛ» сән орталығында өзінің модельдер агенттосы және кәсіби модельдерді оқытатын күнделікті жұмыс істейтін мектебі де бар. Сән үйінің ұраны – батыл идея қосылған сапа мен тәртіп.

– Мен ұлттық киімдер Галереясын ашу – өзімнің көкейкесті армандымды жүзеге асыру үшін көп жылдарымды арнап келемін, – дейді Бәзіл Көкенқызы. – Бірнеше жыл бұрын алғашқы әрекетімді жасадым, бірақ біздің халқымыздың қажеттіліктері мен сұраныстарын толықтай меңгермедім. Ал бүгінде мен қазақстандықтарға не керек екендігін жақсы түсінемін. Сол себепті де – менің арманым міндетті түрде орындалатынына сенемін.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

## Бюджет орындалуына әсер еткен – үш себеп

Таяуда Қаржы министрі Бақыт Сұлтанов Қазақстан бюджетінің орындалуына әсер ететін бірнеше жаңа жағдай туындағанын алға тартты. Бұлар – жекелеген салықтар мен төлемдер ставкаларының артуы, бизнесті тексеруге мораторийдің жариялануы, сатып алулар процедураларының жеңілдетілуі. Бұл факторлар бюджеттің артуына да немесе керісінше, кемуіне де ықпал етуі мүмкін. Экономика министрлігі Парламент арқылы биылғы республикалық бюджетке 1 нақтылау енгізіп үлгеріпті.



– Бюджеттің кіріс бөлігі өсіммен орындалған, ал шығыстардың игерілуі де бұрынғы динамикаға қарағанда жақсырақ! Атап айтқанда, бюджеттің барлық деңгейлері бойынша түсімдер орындалды. Мемлекеттік қазына 19%-ға немесе бір жыл бұрынғына қарағанда 602 миллиард теңгеге артық толықты, – деді. Бірақ бұл жиналатын алым-салық түсімінің артуы арқылы қамтамасыз етілмеген. Осы өсім негізінен Ұлттық қордан бөлінген трансферттердің артуына байланысты екен. Ең қызықтысы, әрине, бюджеттің шығыс бөлігіне байланысты. Қаржы министрінің мәліметінше, мемлекеттік бюджеттен өткен айларда 4 триллион теңге жұмсалып кетіпті. Бірақ 130 миллиард теңге көзделген жеріне жетпей, игерілмей қалған. Соның ішінде орталық бюджеттен 77 миллиард қажетке жаратылмады. Бұл жерде министрлік орталық меморандумның игермеген сомасы шамалы төмендегеніне шүкіршілік етуде. Өткен жылғы ұқсас кезеңде бұл сома 84 миллиард теңге болған. «Қаржылық бақылау органдары 80 миллиард теңге бюджеттік бұзушылықты анықтап, жойған. Бұл жерде де ілгерілеушілік байқалады», – дейді министр. Б.Сұлтанов бюджет жүйесін мемлекеттік аудитке көшірмек ниетте. Бұл

шығындаудағы қателіктер мен тәуекелдерді төмендетеді. Тиісті заңның жобасы Парламентке енгізіліп те қойынты. Ел бюджетінде тапшылық баруы, оның көлемі 285 миллиард теңге. Бірақ оны жабу үшін сырттан қарыз алынбайды. Бірақ Қаржы министрлігі де сыртқы қаражат көздерін тиімді тарту, яғни несие алудан бас тартпайды жасырмады. Өйткені халықаралық жағдайдағы қиындықтардың салқыны экономиканы да соғуы мүмкін. Ондайда бюджет тапшылығы өсуі ғажап емес. «Мемлекеттік қарыз қауіпсіз деңгейде» дейді бұл ретте министр Б.Сұлтанов. Елбасы айтқандай, ресурстың қосымша резервін ел Үкіметі «көлеңке» экономиканы азайту жағынан да белсенді іздеуге кіріспек. Қаржы министрі 1 қыркүйекте капиталдың және орталық бюджеттен 77 миллиард қажетке жаратылмады. Бұл жерде министрлік орталық меморандумның игермеген сомасы шамалы төмендегеніне шүкіршілік етуде. Өткен жылғы ұқсас кезеңде бұл сома 84 миллиард теңге болған. «Қаржылық бақылау органдары 80 миллиард теңге бюджеттік бұзушылықты анықтап, жойған. Бұл жерде де ілгерілеушілік байқалады», – дейді министр. Б.Сұлтанов бюджет жүйесін мемлекеттік аудитке көшірмек ниетте. Бұл

Бұған дейін бюджетті игерілуіне қадағалайтын мемлекеттік мекемелер бір-біріне бағынбайтын. Ал қазір бәрі Б.Сұлтановтың қолында. Енді қаржының игерілуі қалай ұйт-ақ.